

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жекелеген мәселелерін құқықтық реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1609 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жекелеген мәселелерін құқықтық реттеу мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z933600_ негізінде қаулы етемін:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер ретінде шаруашылық серіктестіктерін , акционерлік қоғамдарды, компанияларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шаруашылық серіктестіктерін , акционерлік қоғамдар мен компанияларды тіркеу жөніндегі орталық бюрода және оның облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы бөлімшелерінде ж ү з е г е а с ы р ы л с ы н .

Тіркеу үшін құрылтайшылар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен Шаруашылық серіктестіктерін, акционерлік қоғамдар мен компанияларды тіркеу туралы Ережеде көзделген құрылтай құжаттарын және өзге де материалдарды ұсынуға тиіс.

Мемлекеттік тіркеудің деректері 10 күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шаруашылық серіктестіктерін , акционерлік қоғамдар мен компанияларды тіркеу жөніндегі Орталық бюроға бірыңғай мемлекеттік реестр жүргізу үшін хабарланады.

Серіктестікті, акционерлік қоғамды, компанияны тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім серіктестікке қатысушылар (құрылтайшылар) өтініш айтқан сәттен бастап 15 күннен кешіктірмей шығарылады.

2. Акцияларының мемлекеттік пакеті 51 процент және одан да көп болатын компания мемлекеттік акционерлік компания болып табылады деп белгіленсін. Акцияларының мемлекеттік пакеті 51 проценттен кем болатын компания, сондай-ақ акциялардың мемлекеттік пакеті жоқ, бірақ өзін басқаруға мемлекет " алтын акция" арқылы қатысатын компания мемлекет қатысатын акционерлік

компания

болып

табылады.

Мемлекеттік акционерлік компаниялар мен мемлекет қатысатын акционерлік компаниялар құру тәртібі, сондай-ақ олардың басшылығын тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен Ережемен белгіленеді.

3. Акционерлік қоғамдар мен компанияларда құрылтайшылар жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын "алтын акция" енгізе алады деп белгіленсін. "Алтын акция" иесі акционерлік қоғамды, компанияны басқаруға Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен "Алтын акция туралы" Ережеде белгіленген мәселелер бойынша жалпы жиналыстың, басқарманың және байқаушы кеңестің шешімдеріне "вето" құқы а р қ ы л ы қ а т ы с а д ы .

4. Инвестициялық жекешелендіру қорларына акционерлік қоғамдар мен компаниялардың құқықтық мәртебесін реттейтін нормалар қолданылады деп белгіленсін. Инвестициялық жекешелендіру қорлары қызметінің ерекшеліктері олар туралы тиісті Ережемен белгіленеді.

Инвестициялық жекешелендіру қоры өз қызметін халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын және өз акцияларын эмиссиялау, қаражатты басқа эмитенттердің бағалы қағаздарға инвестициялау және бағалы қағаздармен сауда жасау есебінен ақшалай қаражатты тарту жолымен жүзеге асыратын ашық үлгідегі акционерлік қоғам болып табылады.

Инвестициялық жекешелендіру купондарымен операцияларды Инвестициялық жекешелендіру қоры тек Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен Инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы Ережеге сәйкес берілетін мемлекеттік лицензия бар болған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына қолданылып отырған заңға тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізсін. 6. Осы Жарлықтың Заң күші бар және "Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы" Қазақ КСР Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылады. 7. Жарлық күшіне жарияланған күнінен бастап енеді. Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң П р е з и д е н т і